



ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП: Е АСПЕКТІСІ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3, 2-23, 2-25

Өз қызметінің ерекшелігіне байланысты Компания қоршаған ортаға және қатысу аймақтарындағы халықтың өмір сүру сапасына айтарлықтай теріс әсер етпейді. Компания ресурстарды ұтымды пайдалану, энергия тиімділігін арттыру, сондай-ақ өндірістік процестерді жетілдіру арқылы өз қызметінің экожүйелерге әсерін барынша азайтуға тырысады

Компанияда қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті реттейтін бірқатар ішкі нормативтік құжаттар бар. Осы құжаттардың ережелерін Компанияның әрбір қызметкері орындауға міндетті:

- › Экологиялық саясат;
- › «Қазақтелеком» АҚ-ның 2022-2032 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасы (бұдан әрі – ТҚДБ);
- › «Қазақтелеком» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары;
- › «Қазақтелеком» АҚ-ның Ішкі экологиялық тексеру бағдарламасы;

- › «Қазақтелеком» АҚ биоалуантүрлілігін басқару және сақтау бойынша нұсқаулық;
- › «Қазақтелеком» АҚ жер ресурстарының мониторингі, есеп беру және қалпына келтіру бойынша нұсқаулық;
- › Қауіптерді, экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау жөніндегі құжатталған рәсім;
- › Еңбек қауіпсіздігі, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық және басқа да талаптарды сәйкестендіру жөніндегі құжатталған рәсім;
- › Кәсіби денсаулық, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштердің мониторингі бойынша құжатталған рәсім;
- › Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару жөніндегі құжатталған рәсім;
- › Апаттық жағдайларға дайындық және ден қою бойынша құжатталған рәсім.

«Қазақтелеком» АҚ экологиялық саясатты іске асыруда, оның орындалуына Компанияның атқарушы басшылығы жауап береді. Бұл саясат рөлдерді бөлу, экологиялық заңнаманы сақтау, көрсеткіштерді үздіксіз жақсарту, қызметкерлерді оқыту, қоршаған ортаға әсерді азайту бойынша мақсаттар қою және экологиялық мәдениетті дамыту шараларын қамтиды.

Компанияда экологиялық аспектілерді басқару мақсатында экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) жұмыс істейді. Бұл жүйе корпоративтік басқару жүйесінің бір бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқарудың құраушысы болып табылады. ЭМЖ құрамына ластаушы заттар шығарындыларын азайту, деректерді беру бойынша экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу, энергия тұтынуды басқару және жабдықты жаңғырту үдерістері кіреді. Компания ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкес сертификатталған, бұл оның экологиялық менеджмент саласындағы озық талаптарға сәйкестігін растайды.

2024 жылы Компанияның бастамасымен «Қазақтелеком» АҚ-ның 2021–2023 жылдардағы қызметіне сыртқы экологиялық аудит жүргізілді. Аудит шеңберінде негізгі экологиялық аспектілер: энергия тұтыну, атмосфераға шығарындылар, қалдықтарды басқару, озонды бұзатын заттарды пайдалану, құжат айналымы және қоршаған ортаны қорғау шараларының орындалуы талданды. Аудит Орталық аппаратты және барлық облыстардағы өңірлік бөлімшелерді қамтыды. Аудит қорытындысы бойынша қоршаған ортаға әсерді басқаруға жүйелі көзқарастың енгізілгені расталды, соның ішінде энергиялық үнемдеуші технологиялардың енгізілуі, қалдықтарды басқару бойынша құжатталған рәсімдердің болуы, отынды есепке алу және сақтау жүйесінің ұйымдастырылуы, сондай-ақ «Жасыл кеңсе» бастамасының іске қосылуы атап өтілді. Сонымен қатар, Компанияға экологиялық менеджмент тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар ұсынымдар берілді.



ҚОҚ-НЫ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Экологиялық мәселелерді басқару екі деңгейде жүзеге асырылады. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасына жауапты департамент бұл қызметті бас кеңсе деңгейінде де, филиал деңгейінде

САҚТЫҚ ҚАҒИДАСЫ

«Қазақтелеком» АҚ қоршаған ортаны қорғау саласында сақтық қағидасын қолданады және оны экологиялық аспектілерді басқарудағы жүйелі тәсілдің бір бөлігі ретінде қарастырады. Компанияда жобаларды жоспарлау кезеңінде де, ағымдағы операциялық қызмет барысында да экологиялық тәуекелдерді бағалауды қамтитын тәуекелдерді басқару жүйесі қолданылады.

Алдын алу тәсілін қамтамасыз ету мақсатында қауіптерді, экологиялық аспектілерді анықтау және тәуекелдерді бағалау бойынша құжатталған рәсім енгізілген. Бұл рәсім тек қазіргі әсерлерді ғана емес, болашақта туындауы мүмкін ықтимал салдарларды да қамтиды.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалауды (ҚОӘБ) жүргізеді, сондай-ақ экологиялық жауапкершілік саласындағы озық халықаралық тәжірибеге сүйенеді. Шешім қабылдау кезінде толық ғылыми айқындық болмаған жағдайда да ұзақ мерзімді экологиялық салдарлар ескеріледі, бұл сақтық қағидасының мәніне сай келеді.

де үйлестіреді. Барлық жоспарлау, үйлестіру, Компанияның экологиялық тәуекелдерін бағалау, сондай-ақ қауіптерді анықтау Стратегиялық басқару жөніндегі Бас директордың құзыретінде болады.

Бұдан бөлек, тәуекелдерді азайту шаралары экологиялық саясатқа, ішкі экологиялық аудит процестеріне және корпоративтік үздіксіз жетілдіру жүйесіне интеграцияланған.

Компания табиғат қорғау саласындағы дамудың мынадай басым бағыттарын айқындады:

- қоршаған ортаға теріс әсерді азайту;
- климаттың өзгеруі мәселесінің аса маңыздылығын түсіну;
- заңнаманы, ұлттық және халықаралық экологиялық стандарттарды сақтау;
- Компания қызметін әзірлеу және жүзеге асыру кезінде Тұрақты даму қағидаттарын сақтау;
- Экологиялық менеджмент жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін Компания басшылығының барлық деңгейдегі жауапкершілігі;
- барлық мүдделі тараптар үшін қолжетімді және ашық экологиялық ақпаратты ашу.





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫН САҚТАУ

GRI 2-27

«Қазақтелеком» АҚ жыл сайын Компания қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін іс-шараларды іске асырады.

2024 жылы табиғатты қорғау заңнамасын бұзу тіркелген жоқ. Есепті жылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтар үшін қаржылық емес санкциялар мен өзге де әкімшілік жазалар қолданылмады.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫНА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАР, МЫҢ ТЕҢГЕ

Шығыс бабы	2022	2023	2024
ҚОӘБ жобаларын, шығарындылар нормативтерінің жобаларын әзірлеу және өндірістік экологиялық мониторинг жүргізу, санаттарды растау	0	82,2	8 250,0
ҚО-ға теріс әсер еткені үшін төлемдер, соның ішінде:	12 526,7	12 500,0	14 542,0
- стационарлық көзі бойынша			2 066,2
- жылжымалы көзі бойынша	1 686,8	0	12 448,8
Барлығы	12 526,7	12 582,2	22 792,0

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Қоршаған ортаны сақтау аспектілері (қалдықтар және парниктік газдардың шығарындалары) бойынша сандық мақсатты көрсеткіштерді енгізу.



«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ-НЫҢ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» БАСТАМАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

2024 жылы «Қазақтелеком» АҚ елдің экологиялық мәдениетін арттыруға және жалпы ел аумағында қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға бағытталған республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қосылды. Бұл бастама Қазақстанның барлық өңірін қамтып, миллиондаған азаматтарды, мемлекеттік және бизнес-құрылымдарды экологиялық жаңару және тұрақты даму идеясының төңірегінде біріктірді.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында Компания қызметкерлері бүкіл ел бойынша аумақтарды тазарту және қоғамдық орындарды абаттандыру бойынша экологиялық сенбіліктерге, акцияларға қатысты. Шаралар ірі қалаларда ғана емес, шалғай орналасқан елді мекендерде де ұйымдастырылып, Компанияның әлеуметтік жауапкершілік пен қоршаған ортаны қорғау қағидаттарын ұстануын көрсетті.

Астана ботаникалық бағындағы «Қазақтелеком аллеясы»

Компанияның 30 жылдығына орай жүзеге асырылған Астана қаласының Ботаникалық бағындағы «Қазақтелеком аллеясы» экологиялық жобасы ерекше маңызды шара болды. Осы бастама аясында «Қазақтелеком» АҚ ботаникалық бақ аумағына 30 қылқан жапырақты ағаш отырғызды, бұл биоәртүрлілікті сақтау, көміртек ізін азайту және елорданың тұрақты дамуына үлес қосу символына айналды. Ағаш отырғызу шарасына Компания басшылығы, соның ішінде Басқарма төрағасы мен бас қаржы директоры қатысты. Бұл корпоративтік деңгейде де, жалпы қоғам ауқымында да экологиялық күн тәртібінің маңыздылығын көрсетті.

Қызметкерлердің экологиялық сауатын арттыру және тарту

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасын қолдаудың бекітілген іс-шаралар жоспары шеңберінде «Қазақ-телеком» АҚ қызметкерлердің экологиялық санасын арттыруға және тұрақты әдеттерді қалыптастыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырды:

- Тұрақты даму, биоәртүрлілік, климат және жаңартылатын энергия көздері бойынша оқыту вебинарлары.
- Тұрақты әдеттерді дамытуға бағытталған «Эко гардероб» және «Эко кеңес» челленджерін өткізу.
- Киімге экологиялық тұрғыдан қарауға арналған вебинармен бірге Эко-сән апталығын өткізу.

«Таза Қазақстан» акциясына қатысу арқылы «Қазақтелеком» ESG саласындағы стратегиялық бағытының дұрыстығын дәлелдеп, корпоративтік құндылықтарға және әлеуметтік жауапкершілікке берік ұстанымын растады.

22 792 81,1%

мың теңге

2024 жылғы табиғатты қорғау іс-шараларына жұмсалған шығындар

СУ РЕСУРСТАРЫ

GRI 3-3

Компания жыл сайын су ресурстарын ұтымды пайдалануға және ауыз су сапасын үнемді жұмсауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады, Компания су ресурстарына айтарлықтай әсер етпейді. Сумен жабдықтаудың негізгі көздері сумен жабдықтау ұйымдарының (су арналарының) сулары болып табылады. Компания қалалық сумен жабдықтау желілерінен басқа ұңғымалардан және басқа көздерден суды пайдаланбайды. Компанияның барлық нысандарында су ресурстарын тиімді пайдалану Экологиялық саясаттың басым мақсаты болып табылады. Ком-

Су тұтыну

GRI 303-3

ЖАЛПЫ СУ ЖИНАУ КӨЛЕМІ, **МЫҢ М³**

Көрсеткіштің атауы	2022	2023	2024
Жалпы су жинау көлемі	257,2	250,3	274,2
Тұщы су	257,2	250,3	274,2
Басқа су	-	-	-

GRI 303-3

Сумен жабдықтаудың негізгі көздері сумен жабдықтау ұйымдарының (су арналарының) сулары болып табылады. Компания су тапшылығы бар өңірлерде жер үсті және жерасты көздерінен су алуды жүзеге асырмайды. 2024 жылы су тұтыну көлемі 9,5%-ға артқаны тіркелді.

GRI 303-3

СУ ТҰТЫНУДЫҢ МЕНШІКТІ КӨРСЕТКІШІ

Көрсеткіштің атауы	2022	2023	2024
Өндірістік көрсеткіштер	5 445	5 449	5 298
Меншікті су тұтыну, мың м³/мың объект	0,047	0,046	0,0517
«Қазақтелеком» АҚ-ның кірісі, млн теңге	635 665	669 467	309 484
Меншікті су тұтыну, мың м³/мың объек	0,00040	0,00037	0,000886

паниядағы су ресурстарын басқару реттемелеуші құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Су тұтыну тек қана шаруашылық-ауыз су қажеттіліктері үшін жүзеге асырылады. Барлық сумен жабдықтау жүйелері су тұтынуын есептейтін аспаптармен жабдықталған.

91,2

мың м³

су тапшылығы бар өңірлерде тұщы суды алу көлемі құрады

Ағынды сулардың төгіндісі

GRI 303-4

Компания суды тек санитарлық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланады. Компанияның барлық ағынды сулары келісімшартқа сәйкес орталық кәріз желілеріне төгіледі.

Сарқынды сулар орталықтандырылған кәріз жүйесіне ағызылатындықтан, Компания сарқынды суларды кәріз желілеріне ағызуға арналған жергілікті органдар мен су арналарымен белгіленген жалпы талаптарды сақтайды.

Компанияда сарқынды сулардың сапасына қатысты жеке ішкі стандарттар жоқ, өйткені барлық сарқынды сулар орталықтандырылған кәріз жүйесіне ағызылып, олардың тазартылуы мен өңделуі жергілікті су арналарымен реттеледі. Сарқынды сулардың сапасына бақылау қаладағы тазарту құрылыстары деңгейінде жүзеге асырылады.

ТӨГІНДІЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ, **МЫҢ М³**

Көрсеткіштің атауы	2022	2023	2024
Жалпы су жинау көлемі	245,9	251,0	121,1
Тұщы су	245,9	251,0	121,1
Басқа су	-	-	-

20,8

мың м³

2024 жылы су тапшылығы бар өңірлерде тұщы суды алу көлемі құрады

GRI 303-5

2024 жылғы жалпы су тұтыну көлемі 153,2 мың м3 құрап, су тапшылығы бар аймақтарда бұл көрсеткіш 70,4 мың м3 болды

2025 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Компания су ресурстарын ұтымды пайдалану бойынша келесі іс-шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

- Су ресурстарын басқару және сақтау жөніндегі Нұсқаулықты әзірлеу және бекіту.
- Судың меншікті тұтынылуын физикалық бірлікке және/немесе ақшалай бірлікке шаққандағы көрсеткіш ретінде ашып көрсету.



БИОАЛУАНТҮРЛІЛІККЕ ӘСЕРІ

GRI 3-3, 413-1

«Қазақтелеком» АҚ Экологиялық саясатқа сәйкес биоалуантүрлілік деңгейін арттыруға жәрдемдесуге және қорғалатын аумақтарда өндірістік қызметті жүргізуге жол бермеуге міндеттенеді.

Құрылыс-монтаждау жұмыстары учаскелерінде (оның ішінде кабельдерді төсеу бойынша) өсімдіктер мен жануарлар әлемін сақтау шеңберінде Компания топырақ эрозиясының қаупін барынша азайтатын және бұзылған жер учаскесінде өсімдік қабатын қалпына келтіруге ықпал ететін механикалық және биологиялық қалпына келтіру жұмыстарын орындайды.

«Қазақтелеком» АҚ-ның барлық телекоммуникациялық жабдықтары елді мекен аумағында немесе қолданыстағы инфрақұрылым бойында орналастырылған және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (қорық аймақтарын қоса алғанда) әсер етпейді. Дегенмен, 2023 жылдан бастап Компания өзінің қызметінің биоәртүрлілікке әсерін бағалау және мониторинг жүргізу бастамасын қолға алды.

2023 жылы мұндай бағалау адам әсері ең аз болатын, қалалық ортадан алшақ орналасқан өңірлерде жүргізілді. Мониторинг биоәртүрлілік пен жер ресурстарын бағалау және бақылау бойынша бекітілген ішкі Нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылды.

2024 жылы «Қазақтелеком» АҚ «Биоәртүрлілікті басқару және сақтау жөніндегі нұсқаулықты» іске асыру аясында Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы телекоммуникациялық жабдықтар орналастырылған орындарда биоәртүрлілікке, сондай-ақ жер және су ресурстарына қызметтің әсерін тәуелсіз бағалаудан өткізді. Бағалауды «КазТЭКО» ЖШС жүргізді. Талдау аймағына автоматтандырылған телефон станциялары (АТС), сымсыз байланыс антенналары (оның ішінде 5G), қосалқы жабдықтар, резервтік қуат көздері кірді.



Бағалау аясында электромагниттік сәуле деңгейі, шу деңгейі, атмосфералық ауаның сапасы, сондай-ақ 5G антенналарының жануарлар әлеміне (әсіресе құстарға) ықтимал әсері бойынша өлшеулер жүргізілді.



МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАЛАЛАР БӨЛІНІСІНДЕ:

АСТАНА ҚАЛАСЫ

- Атмосфералық ауа: **47 нүкте** (бес компонент бойынша: азот тотығы, азот оксиді, көміртек, күкірт оксиді, көміртек оксиді);
- Физикалық әсер: **17 нүкте**;
- Электромагниттік әсер: **18 нүкте**.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

- Атмосфералық ауа: **84 нүкте**;
- Физикалық әсер: **32 нүкте**;
- Электромагниттік әсер: **35 нүкте**.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

- Атмосфералық ауа: **118 нүкте**;
- Физикалық әсер: **28 нүкте**;
- Электромагниттік әсер: **25 нүкте**.

Үш қаланың барлығында өлшеулер үш кезеңде жүргізілді, желдің бағыты ескеріліп, жер бетінен 1,5–2,0 метр биіктікте және телекоммуникациялық жабдықтарға жақын маңда жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелері бойынша:

- барлық параметрлер бойынша белгіленген шекті рұқсат етілген мәндерден асу жағдайлары анықталған жоқ;
- жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің құрамы немесе мінез-құлқында өзгерістер тіркелген жоқ.

Осылайша, Компанияның қоршаған ортаға әсері елеусіз және экожүйелер үшін қауіпсіз деп танылды.

Мониторинг нәтижелері бойынша есеппен Компанияның ресми сайтында (telecom.kz) танысуға болады.

2025 жылға арналған жоспарлар

- Компанияның қатысу аймақтарында биологиялық әртүрлілікті сақтау және қолдау жобаларына қатысу жоспарлануда.
- «Қазақтелеком» АҚ әрекет ететін аумақта биологиялық әртүрлілікті басқару және сақтау жөніндегі Нұсқаулықты өзектендіру және ашық қолжетімділікте жариялау мақсатында, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жататын жабдықтар мен технологиялық үдерістер бойынша деректер жинау жоспарланып отыр.



ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3

«Қазақтелеком» АҚ энергия тұтынуды басқаруда жүйелі тәсілді қолданады, оның мақсаты — энергия шығындарын азайту және қоршаған ортаға теріс әсерді барынша төмендету. Компания ISO 50001:2018 халықаралық стандарты бойынша сертификатталған, бұл тиімді энергия менеджменті жүйесінің бар екенін растайды.

Компанияда Энергоменеджмент саласындағы саясат бекітіліп, іске асырылуда. Осы саясатқа сәйкес энергия тұтынуға мониторинг жүргізіледі, энергия тиімділігі талданады және энергия үнемдейтін шешімдер енгізіледі. «Энергия түрлерін сәйкестендіру. Базалық көрсеткіштерді айқындау. Энергетикалық талдау» атты құжатталған рәсім енгізілген. Бұл рәсім энергетикалық тізілім жүргізуді, жабдықтардың сапалық және сандық сипаттамаларын бақылауды, сондай-ақ тұтынудың базалық деңгейлерін анықтауды қамтамасыз етеді.

Өндіріс объектілерінде энергия тұтынуды оңтайландыру бойынша шаралар енгізілді: светодиодты шамдарды орнату,автоматты жарықтандыру датчиктерін қолдану,энергияны көп жұмсайтын ұйымдық техниканы азайту,энергия үнемдеу режимдерін ескере отырып, төтенше электр қоректендіру көздерін пайдалану.

«Қазақтелеком» АҚ энергоменеджмент саласындағы саясатының» қағидаттары

- ҚР заңнамасының, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттардың талаптарын сақтау.
- Өндірістің энергетикалық тиімділігі саласындағы ең үздік қолжетімді технологиялар деңгейіне қол жеткізуге ұмтылу.
- Отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану.
- Компанияның энергетикалық тиімділігі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі.

Саясаттың қағидаттары мен ережелері келесі салаларға қолданылады: телекоммуникация қызметтерін ұсыну, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды басқару, телекоммуникация желілері мен инфрақұрылымды ағымдағы пайдалану.

Саясаттың негізгі бағыттары:

- Компания қызметкерлерінің кәсіби деңгейін, сондай-ақ персоналдың энергия үнемдеу және өндірістің энергетикалық тиімділігі саласындағы білімін жүйелі және мақсатты түрде арттыру.
- Энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саласындағы заңнамалық талаптардың, ұлттық және халықаралық стандарттардың

өзгерістеріне ден қою және ішкі нормативтік құжаттарды жетілдіру.

- Мүмкіндігінше сатып алу кезінде критерийлердің бірі ретінде энергия тиімділігін есепке алуды қамтамасыз ету.
- Негізгі технологиялық және энергетикалық жабдықтарды жаңғырту кезінде неғұрлым энергетикалық тиімді шешімдерді таңдауды қамтамасыз ету.
- Негізгі және қосалқы өндірістік процестерде отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну мен өндірудің үздіксіз мониторингін қамтамасыз ету.
- Кәсіпорын персоналын энергия үнемдеуге тарту және ынталандыру тетіктерін қалыптастыруды қамтамасыз ету.

